

Көктем мерекесі Ақсайда



Наурыз мерекесі Жер бетіндегі ең ежелгі мерекелердің бірі. Біраз жылдардан бері бұл мереке қазақстандықтар үшін де сүйікті де жарқын мереке болып табылады. Атадан балаға жеткен, ғасырлар даналығын сақтаған Наурыз мейрамы әрбір жүрекке үміт ұлататын, қуаныш сыйлайды. Бұл мерекені Орта Азияның көптеген халқы, ал кейбір деректерге қарағанда шығыс славян елдері де табиғаттың жаңаруының, жасаруының мерекесі ретінде бес мың жылдан бері тойлап келеді екен. Қазақстанда Наурыз Сталин діни мейрам ретінде тиым салғанға дейін, яғни 1926 жылға дейін тойланған, негізінде Наурыз ислам дінінен бұрын пайда болған мереке.

Ертеректе қазақтар уақытты

айға қарап, күнге қарап немесе шығыс күнтізбесі бойынша есептеген. Көктемнің келгенін қазақтар күнге қарап, алғашқы шуақтың киіз үйге енуіне қарап анықтаған. Біз қолданып жүрген григориан күнтізбесі бойынша бұл күн негізінен көктемгі күн мен түн теңесуі ретінде 22 наурызға келеді. Сондықтан да қазақтар бұл айды Наурыз деп атаған. Наурыз айы 22 наурыздан 21 сәуірге дейін жалғасады. Егер осы күні дүниеге ұл келсе, оны дәстүр бойынша Наурызбай не Наурызбек деп атаған, ал қыз болса Наурыз не Наурызгүл деп ат қойған. Наурыз дастарханының негізгі тағамы - жеті түрлі дәмнен пісірілген Наурыз көже. Қазіргі жастардың түсінігінде Наурыз – бұл шығыс күнтізбесі бойынша жаңа жыл ғана. Ал көп ғасырлар

бұрын Наурызды ерекше мағынада дүрдідете тойлаған. Бұл мереке Үндінің, Ирақтың, Ауғаныстанның, Иранның және ТМД-ның азиялық елдерінің күнтізбесінде бар. Сол сияқты ағылшындар да 18 ғасырға дейін Жаңа жылды 26 Наурызда тойлағаны белгілі.

Наурыз табиғаттың жаңарған күні, соған сәйкес бұл мереке адамдардың да көңіл сарайының жаңарған, денелерінің, киімдерінің, үйлерінің кір-қоңнан тазаратын, жаман ойдан арылатын, бір-біріне кешірім беретін мерекесі. Осы мерекеді адамдар бөгеттер мен құдықтарды тазалап, аршып отырған. Наурызда соғысып жатқан елдер де соғысын тоқтатып, татуласқан, ашуларын ақылға жеңдірген. Қазақтардың мифтік түсінігі

бойынша 21-інен 22 -іне қараған түні жер жүзін Бақыт (Қыдыр ата) аралайды, оны таза жүрепке қарсы алмаса, жанынан өтіп кетуі мүмкін. Сондықтан да бұл түн Бақыт түні боп саналады. Түбі бір түркі халықтары ертеде осы мереке келгенде жаңа киімдерін: ақ көйлек-жейделерін киіп, сақал-мұрттарын түзеп, шаштарын міндетті түрде алдырып тастаған. Мерекенің алдында үйді ретке келтіріп, тазалап, қарыздарымен есептесіп, ренжіскендермен татуласатын болған. Өйткені қариялардың айтуынша Наурыз келгенде барлық бөпе-жала, ауру мен сәтсіздіктер үйді айналып өтеді. Наурыз келерде жаңа жылда ақ көп болсын, жаңбырлы, астық мол жыл болсын деген ниетпен үйдегі барлық ыдыстарды сүтпен, айранмен, астықпен және бұлақ суымен толтырып қойған. Ал Наурыз күнін көтеріңкі көңіл-күймен қарсылап, бір-бірімен құшақтасып көрісіп, жақсы тілектер айтқан.

Бұдан басқа, Наурыз адамдардың бір-бірімен теңескен, бәріне де кешіріммен қарайтын күн деп саналған. Өйткені келін мен күйеу балаға да осы күні қайын атасымен әзілдесуге рұқсат етілген. Жастар өмір тәжірибесі мол үлкендермен ақыл-кеңес құруға келетін болған. Наурыздың тамыры өте ертеде, тереңде жатыр. Мерекенің негізгі мәні мен маңызы гуманизм принциптері мен табиғатты сүйуде жатыр. Қаншама ғасырлар өткеніне қарамастан бұл мереке халықтың жүрегінде жатталып, атадан-балаға беріліп отырған. Қазіргі уақытта бұл мереке терең рухани-этикалық мейрамға айналып отыр. Бүгінгі күн үшін аса маңызды – адамның табиғатпен бірлігі мен үндестігі осы мерекеден көрініс тауып отыр деп айтуға болады.

Наурыз мерекесін Ақсай қаласының тұрғындары да кеңінен



тойлап өтті. Негізгі мерекелік шаралар дәстүр бойынша Абай даңғылында өткізілді. Қарашығанақ кен орнын игеріп жатқан КПО компаниясында немесе басқа да мердігерлік компанияларда жұмыс жасайтын өзге елдердің азаматтары да сырт келген жаңа жылда ақ көп болсын, жаңбырлы, астық мол жыл болсын деген ниетпен үйдегі барлық ыдыстарды сүтпен, айранмен, астықпен және бұлақ суымен толтырып қойған. Ал Наурыз күнін көтеріңкі көңіл-күймен қарсылап, бір-бірімен құшақтасып көрісіп, жақсы тілектер айтқан.

Бұдан басқа, Наурыз адамдардың бір-бірімен теңескен, бәріне де кешіріммен қарайтын күн деп саналған. Өйткені келін мен күйеу балаға да осы күні қайын атасымен әзілдесуге рұқсат етілген. Жастар өмір тәжірибесі мол үлкендермен ақыл-кеңес құруға келетін болған. Наурыздың тамыры өте ертеде, тереңде жатыр. Мерекенің негізгі мәні мен маңызы гуманизм принциптері мен табиғатты сүйуде жатыр. Қаншама ғасырлар өткеніне қарамастан бұл мереке халықтың жүрегінде жатталып, атадан-балаға беріліп отырған. Қазіргі уақытта бұл мереке терең рухани-этикалық мейрамға айналып отыр. Бүгінгі күн үшін аса маңызды – адамның табиғатпен бірлігі мен үндестігі осы мерекеден көрініс тауып отыр деп айтуға болады.

Наурыз мерекесін Ақсай қаласының тұрғындары да кеңінен тойлап өтті. Негізгі мерекелік шаралар дәстүр бойынша Абай даңғылында өткізілді. Қарашығанақ кен орнын игеріп жатқан КПО компаниясында немесе басқа да мердігерлік компанияларда жұмыс жасайтын өзге елдердің азаматтары да сырт келген жаңа жылда ақ көп болсын, жаңбырлы, астық мол жыл болсын деген ниетпен үйдегі барлық ыдыстарды сүтпен, айранмен, астықпен және бұлақ суымен толтырып қойған. Ал Наурыз күнін көтеріңкі көңіл-күймен қарсылап, бір-бірімен құшақтасып көрісіп, жақсы тілектер айтқан.

Ынтымақтастық қарым-қатынас

КПО компаниясының бас директоры Джузеппе Пази Бөрлі ауданының әкімі Болат Шәкімовтың шақыруымен ақпан айының сегізінде Ақсай қаласындағы аудан әкімдігінде алғаш рет болды. Онда олар әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру бағытындағы алдағы ынтымақтастық қарым-қатынаспен инвесторлардың жергілікті билік орындарына Ақсай қаласы мен аудан селоларын абаттандыру жөніндегі бастамаларына қолдау көрсету мәселелері туралы әңгімелесті. Осы жерде КПО-ның Орал өңірінің әлеуметтік дамуына жыл сайын бөліп отырған қаржы көлемі бүгінде жиырма млн. долларға тең екенін айтқан жөн. Өткен жылы КПО-мен Ақсай қаласын абаттандыруға он млн. доллар беру жөніндегі келісімге қол жеткізілді. КПО-ның қаржысына денсаулық сақтау және білім беру нысандары салынып, жөнделіп жатыр. Инвестиция нысандарын жергілікті билік тандайды. Джузеппе Пази КПО болашақта да Қазақстан жағымен басында белгілеген әлеуметтік ынтымақтастық бағдарламасын жалғастыра беретініне сендірді. ӨБНҚ (ОСРП) уақытындағы



ынтымақтастық жоспарының нақты шешімдері БҚБ (СКУ) отырыстарында жұмыс тәртібі бойынша жүзеге асырылатын болады. Кездесуге КПО-ның үкіметпен байланыс жөніндегі директоры

Нұржан Камалов және әкімдік қызметкерлері, әкімнің орынбасарлары, тұрғын үй коммуналдық шаруашылық басқармасы меңгерушісі және басқа да бөлім басшылары қатысты.

Әлеуметтік жобаларға қаржы бөлінеді

КПО Батыс Қазақстан облысының әлеуметтік маңызды нысандары жобаларын жүзеге асыру үшін жалпы көлемі \$30 миллионнан астам қаржы бөледі. Бұл туралы журналистерге Батыс Қазақстан облысының әкімі Бақтықожа Ізмұхамбетов хабарлады.

Б. Ізмұхамбетов 2010 жылы \$20 млн. бөлінетінін еске салды. «2009 жылы бөлінген \$20 миллионның жүзеге асқан жобаларда 9,35 миллионы игерілді. Осы қаржының қалғаны келесі жылға ауысты, - деп хабарлайды әкім Лондонда өткен Қарашығанақ жобасын басқару жөніндегі бірлескен комитеттің отырысына қатысып қайтқаны жөніндегі ақпаратта, - онда БҚО әлеуметтік маңызы бар нысандардың жобасына қосымша қаржы бөлу туралы шешім қабылданды».

КПО-ның инвестициясы Орал қаласының солтүстік-шығысындағы жаңа шағын ауданның мектеп пен бала бақша құрылысына жұмсалмақшы. Бүгінгі таңда бұл ауданда 10 мыңның үстінде адам тұрады, оның ішінде 3 мыңдайы балалар.

«Мұнда не мектеп жоқ, не балалар бақшасы жоқ. Сондықтан мен Қарашығанақ жобасының басшыларына 320 орындық балалар бақшасы мен 1200 орындық мектеп және жабық теннис кортын салып беру туралы өтініш жасадым», - деді әкім.

Бұдан басқа бұл шағын ауданда инфрақұрылым жоқ. Сондықтан барлық инженерлік желілерді тарту қажет. Канализациялық жүйе былтыр салынған коллекторға қосылмақшы, ал жылу және электр желілері қазір салынып жатқан газ-турбиналық станцияға жеткізіледі.

Сонымен бірге Б. Ізмұхамбетов Орал қаласында жаңа неке сарайы салынатынын айтты, онда тек неке қию салтанаты ғана емес, ірі мемлекеттік іс-шаралар да өтетін болады.

2010 жылы мал сөмірту орталығының құрылысы да аяқталатын болады, бұл дегеніңіз шетелден ет сатып алу қажеттілігін толықтай жояды. Бұдан басқа облыста Батысқазақстандықтарды ерте піскен көкөністермен қамтамасыз ететін жаңа жылыжайлар пайда болады. Облыс әкімі Батыс Қазақстанда дәрі-дәрмектік фабриканы ашудың алғашқы қадамы ретінде мия тамырын қайта өңдеу цехының құрылысы екенін атап айтты.

STEP бағдарламасының 3-інші кезеңі старт алды

2010 жылдың 8 наурызында STEP бағдарламасы шеңберінде КПО компаниясы компания қызметкерлерінің жұмыс орындарында кәсіби біліктілігін көтеруге бағытталған бағдарламаның үшінші кезеңін жүзеге асыруға кірісті.

Бағдарламаның ашылуына өндіріс жөніндегі директор Грэм Скоттон, кен орнының менеджері Роберто ДеМитри, кен орнындағы ТҚ бойынша менеджердің м.а. Брайан Попович және персоналды оқыту мен дамыту жөніндегі менеджер Оксана Расторгуевалар қатысты.

Алғашқы топ КПО-ның әртүрлі өндірістік нысандарынан ТҚ бойынша 20 шақты супервайзерлер мен суперинтенданттар жыл бойына тәжірибелі тәлімгер-эксперттің басшылығымен инспекция жасау дағдыларын жандандыратын болады.

Өз тәлімгерімен өзара байланыстағы әрбір қызметкердің бағдарламада қарастырылған стан-

дарттарға сай кәсіби дағдыларына баға берілетін болады. Сөйтіп, тәлімгер-эксперт қызметкердің ЕБ, ТҚ мен ҚОҚ саласында өндірістен алшақтамай құзырлығын дамытуына ықпал жасайды. Осылайша, бағдарламаның соңында КПО компаниясында ОПІТО мұнай және газ Академиясынан сертификат алған бағалау жөніндегі өз эксперттері дайын болады.

Скоттон мырза компанияның бағдарламаға қатысушыларға үлкен сенім артып отырғанын атап айтты. КПО-ның барлық компанияларының, сол сияқты оның мердігер компанияларында ТҚ мәдениетінің алға қарай өсуі көп жағдайда осы бағдарламаға қатысушылардың табысты жұмысына байланысты.

Өз кезегінде Роберто ДеМитри барлық қатысушыларға жұмыс орындарында жұмыстағылармен көбірек араласып, оларға алған білімдері мен тәлімдерін жеткізіп отыруды ұсынды.

Кәсіби мамандықтарын көтеру бағдарламасы (ПППК) – бұл жұмыс орынындағы маманның құзырлығын (практикалық тәжірибесі, кәсіби білімі, дағдылары мен іске асыра білуі) бағалауға мүмкіндік беретін мамандыққа тексеру. ПППК – британ ұлттық кәсіби стандарттар талабын ескере отырып жасалған. Онда белгілі бір саланың не сектор қызметкерінің жұмысындағы тиімділік дәрежесі мен өндіру деңгейі талаптары көрсетілген.

ПППК оқу ұйымдарының Еуропалық желілері (ENTO), мұнайөндірісі мамандарын дайындау жөніндегі Ұйым (OPITO) мен еңбекті қорғау жөніндегі Британ ұлттық эксперттік комиссиясы (NEBOSH) сияқты ұйымдардың қатысуымен жасалған стандарттар талабына негізделген. ENTO Ұйымы Ұлыбритания үкіметінің қолдауымен құрылған және гигиена, еңбекті қорғау мен техника қауіпсіздігі саласындағы ұлттық кәсіби стандарттарға жауап береді.

«Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» компаниясы 40 жылға белгіленген ӨБНК уақытында 10 миллион АҚШ доллары көлемінде жыл сайын инвестиция құю шеңберінде өздерінің ұзақ мерзімдік аймақтың әлеуметтік саласын жандандыру жөніндегі міндеттемелерін орындап келеді. Өткен жылдан бастап мұнай өндірісінің орталығы

Осы аймақтың игілігі үшін

салынғанын айта кетуге болады. Онда республикалық және халықаралық деңгейдегі әртүрлі спорттық жарыстар тұрақты өткізіліп тұрады, мәнерлеп сырғанау мектебі жұмыс жасай-

дир беріп отыр. Яғни селолардың мектептерінің, мәдениет үйі мен кітапханаларының, селолық дәрігерлік амбулаториялардың жөнделуі мен жабдықталуына үнемі көмек көрсетіліп отырады. Жеңілдікпен алынған кредиттер шаруа қожалықтарына қалыпты жұмыс жасауға, жекенің мал басын көбейтуіне, наубайхана, кондитер цехтарының ашылуына, кафенің жұмыс жасауына мүмкіндік беріп отыр.

Сонымен бірге «Даму» маркетинг және жоспарлау бойынша оқу-үйрету семинарларын өткізеді, заңгерлік қолдау көрсетеді, жаңа бизнес-технологияларға қол жеткізуге көмек береді. Микрокредиттер 2003 жылдан бастап беріліп келе жатқанын айту керек. Селолық бизнесті сауатты жүргізу жақсы экономикалық жетістіктер береді ғой. Бүгінгідей ДСҰ кіруге дайындық кезеңінде ауыл шаруашылығы

демеушілік көмегінің арқасында мүмкін болып отыр. Сонымен бірге КПО-ның қызметкерлері ауданның селолық және қалалық мектептерімен жолда жүру қауіпсіздігі бағдарламасы жобасы мен білім беру жобасын қолдау сияқты әртүрлі жобаларды жүзеге асыра отырып тығыз белсенді қарым-қатынаста жұмыс жасап келеді.

Жергілікті тұрғындарды демеушілік қолдау бағытындағы осындай кең масштабтағы қызмет тұрақты белгіленген. Жақында альянс басшылығының кезекті жоспарлы ауысуы болды. Бас директор Роджер Фоксты италяндық «Эни» компаниясының өкілі Джузеппе Пази ауыстырды. Бірақ КПО-ның әлеуметтік саясаты өзгерген жоқ. Мұнайгаз секторының жандануымен бірге экологиялық проблемалар туралы да айтуға болады. Бірақ Қарашығанақ, онда тұрып жатқандардың игілігі үшін

еңбекті қорғау мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызмет толықтай барлық халықаралық стандарттарға сай келеді. КПО-ның жүргізіп отырған саясатының нәтижесінде осындай кен орындары саласында үздік көрсеткіштерге қол жеткізді. Жолшыбайғы газды жою коэффициенті 99,9-ға дейін жеткізілді. Экологиялық мониторингтің мөлiметi бойынша қоршаған орта мен тұрғындарға қалыптан тыс әсері жоқ. Осыдан бірнеше жыл бұрын КПО мен Берлі ауданының жергілікті ұйымдары кен орнына кәсіби орналасқан елді мекендерде Кеңестік топ құру жөніндегі өзара түсіністік туралы Меморандумға қол қойған болатын. Бұл жобаның негізгі мақсаты - Қарашығанақ мұнайгаз конденсатты кен орнын игеру жайы мен КПО-ның қызметі туралы, өндірісті, әлеуметтік саланы, экологиялық және өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету, төтенше жағдайда көмекке келу мен санитарлық-эпидемиологиялық жағдайдың орнықтылығы жөніндегі мәліметтерді қоса есептегенде - осының барлығы жайында тұрғындарға ақпарат беріп отыру болып табылады.

Компания басшылығы тиімді бизнес-әлеуметтік жағынан жақсы ортада ғана болатынын жақсы түсінеді. Компанияның аймақты дамытуға деген күш-жігері мен әлеуметтік саясатынсыз, тұрғындарға деген мейірімділік қарым-қатынасынсыз жобаның табысты болынын күту мүмкін емес те шығар. Сондықтан да КПО өзінің өндірістік қызметі мен әлеуметтік инвестициясының арқасында аймақтың қоғамдық дамуына қосатын үлесінің көлемін азайтпақ емес. Демек, маңызды өзгерістер әлі алда. Бірлескен кәсіпорын өзінің дамуына орай өз әлеуеттілігін мен жобаның табыстылығын Қазақстан халқының игілігі үшін арттыра беретін болады.



болып отырған Ақсай қаласын өркендету үшін тағы да 10 миллион АҚШ доллары бөлініп отыр.

Қазақстанның батыс аймағы көбінесе еуразиялықтардың өмір үлгісіне ұқсайды: Ресей Федерациясымен шекараға жақын орналасуымен қатар, бұл жерде өзге де көптеген елдердің азаматтары өмір ағысымен келіп, тұрып жатыр, қазақстандықтармен бірге еңбек етуде, демек олар жергілікті халық өміріне өз елдерінің ұлттық ерекшеліктерін ала келді. Қарашығанақ жобасы, бейнелеп айтсақ, күрделі тағдыр деуге болады, ал оның екінші тынысы шетелдік инвесторлар келген соң ашылды. Бүгінгі Қарашығанақ - қомақты инвестиция, мыңдаған жұмыс орны және әлемдік стандарттар деңгейіндегі өндірістік жұмыстар. КМГК-ын Орал қаласындағы машина жасау өндірісінің жандануына ықпал етуші экономиканың алға тартушы күші деп батыл айтуға болады. Бұның қатарында облыс орталығының жалпы бейнесінің жақсаруы мен аббаттандырылуында маңызды орын алатын КПО-ның көптеген демеушілік жобалары да бар. КПО-ның әлеуметтік бағдарламаларында облыс басшылығымен келісілген негізгі бағыттар анық белгіленген. Олар білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт. Оралда соңғы бірнеше жылдың өзінде демеушілік қаржыға бір мың жарым көрерменді сыйғыза алатын Спорт мұз сарайы

ды. Қажет жағдайда облыстағы ең үлкен зал есебінде шоу, концерт немесе көрмелер өткізу үшін қайта құрастырыла қояды. Жаңадан салынған қазақ драма театры оралдықтар үшін нағыз мәдениет орталығына айналды. Негізінде бұл Қазақстанда тәуелсіздік жылдарында салынған алғашқы театр. Мектептер, стадиондар, жүзу бассейндері, газ желілері, жолдар, жаңа хирургиялық кешен, басқа да дәрігерлік мекемелер, кітапханалар, Ғарифолла Құрманғалиев атындағы облыстық филармония, А.Н. Островский атындағы драма театры - бұл әлеуметтік жобалар тізімін ары қарай жалғастыра беруге де болады. Оларды жүзеге асыруға тек қана жергілікті құрылыс компаниялары тартылады.

Берлі ауданында компанияның демеушілік көмегі шағын және орта бизнеске қолдау көрсетумен ерекшеленеді. Бір рет ақша бергенше, ол ақшаны табудың жолын үйрет деп босқа айтпайды ғой. Сондықтан да аудандық кәсіпкерлік бастамаларды қолдау бір бөлек тақырып болып табылады. КПО жүзеге асырып отырған осы экономикалық және әлеуметтік маңызды бағдарламаның шеңберінде микрокредиттер беріледі. Ақсай қаласында осыдан бірнеше жыл бұрын ашылған бизнес-орталықта қала және ауыл тұрғындары белсенді қолдау табуда. КПО кен орнына жақын орналасқан селоларда кәсіпкерлікті дамыту үшін кре-



мен мал шаруашылығында, ауыл шаруашылық өнімдерін қайта өңдеуде жаңа заманға сай жөне ғылыми негізделген технологияны қолдану аса қажет-ақ.

Қазақстандағы қарттар мен балаларға деген ерекше көзқарас туралы бекер айтылып жүрген жоқ, көп жағдайда бұл еліміздің бет-бейнесін айқындап береді. Жыл сайын Берлі ауданының ардагерлері мен мектеп оқушылары Жайықтың жағалауына орналасқан «Ақжайық» санаторийінде дем алады. Тамылжыған табиғат, тамаша дәрігерлік қызмет, керемет емдік қасиеті бар «Ақжайық» минералды суы сергектік пен денсаулық береді. Ал осының барлығы КПО компаниясының

көп жұмыс жасауда. Компания үнемі тексерудің, инспекцияның мемлекеттік ұйымдар жағынан аудиттің тұрақты нысаны болып отыр. Аудиторлардың шешімі бойынша техника қауіпсіздігі,

